

ЕГЕМЕН

ҚАЗАҚСТАН

Мәдениет пен ақпарат – дамыған елдің даңғайыр мәселесі

Үкімет сағаты басталмас бұрын депутаттар Мәжілістің фойесіне қойылған министрліктің соңғы уақыттардағы жұмыс нәтижесін көрсететін көрмемен танысты. Мұндағы Қазақстан мәдениетінің сан-салалы қырлары терең мазмұндылығымен ерекшеленді. Соның ішінде қазақ тарихының Қытай, Армения, Ресей, Германия, Мысыр, Венгрия елдеріндегі бес мыңға жуық деректерінің, әдеби жәдігерлердің, әлем әдебиеті кітапханасының, тіл білімінің бірнеше, “Қазақстан энциклопедиясының” қазақ тілінде 10, орыс тілінде 5 томдар болып шығуы, “Мәдени мұра” бағдарламасы бойынша қалпына келтірілген ескерткіштер – бәр-бәрі нақпа-нақ көрсетілген. Үкімет сағатына арналған отырысты Мәжіліс Төрағасы Орал Мұхамеджанов ашып, жүргізіп отырды. Мәдениет және ақпарат министрі М.Құл-Мұхаммед министрліктің 2008 жылғы жұмысының басты нәтижелері мен 2009-2011 жылдарға арналған жұмысының стратегиялық бағыттарын атап берді. Алдымен министр 2004 жылы қабылданған “Мәдени мұра” бағдарламасының қорытындыларына тоқталды. Өткен төрт жылда 51 тарихи және мәдени ескерткіштерге жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, еліміздің аумағындағы 39 қалашық пен қорғанда археологиялық зерттеу жұмыстары жүзеге асырылды. Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі әзірленіп, оған 218 нысан енгізілді. Соның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Тамғалы археологиялық кешені ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізілгенін айрықша атап өткен жөн. Енді осы тізімге Отырар қаласын да қосу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр, деді Мұхтар Абырарұлы.

Бүгінгі таңда Алматы мен Шығыс Қазақстан облыстарындағы Есік және Берел қорғандарының құрылысы қызу жүргізілуде. Дамаск қаласындағы әл-Фараби кесенесі мен Каирдегі Сұлтан Бейбарыстың мешітін қайта жаңғырту жөніндегі жұмыстар жалғасуда. Биыл Париж қаласында Шәкәрімнің 150 жылдық мерейтойына арналған көрме ұйымдастырылды. Сондай-ақ АҚШ, Германия, Тәжікстан, Иран, Египет, Украина, Қытай, Беларусь және т.б. бірқатар мемлекеттерде Қазақстан тарихы мен мәдени мұраларының көрмесі өткізілді. Ең маңыздысы, деп атап өтті министр, осы бағдарламаны іске асыру барысында ұлттық мәдени мұраларды зерттеудің тұтас жүйесі құрылды және гуманитарлық білімнің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын құру жөніндегі қадамдар жасалды. Жалпы алғанда, “Мәдени мұра” бағдарламасын іске асыруға 6 млрд., соның ішінде 2008 жылы 1 млрд. 300 млн. теңгеден астам қаражат бөлінді.

Одан әрі министр осы істерді әрі қарай жалғастыру мақсатымен Елбасының тапсырмасына сәйкес “Мәдени мұра” бағдарламасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы” әзірленгенін тілге тиек етті. Бүгінде ол Үкімет тарапынан мақұлданған.

Ұлттық кинематографияны дамыту жұмыстары аясында техникалық қайта жабдықтауды, жаңа алаңдар жасауды, прокат қызметін ұйымдастыруды, кино өнімдерін сақтаудың сандық технологияларын енгізуді қарастыра

отырып, “Қазақфильм” ұлттық компаниясын жаңғырту жоспары әзірленген. 2009 жылы әлеуметтік маңызы бар тақырыптарға арналған 28 жаңа кинокартинаның өндірісін бастау жоспарланған. Осы саланың үстіміздегі жылы қол жеткізген табыстарының қатарында үш толық метражды көркем және үш анимациялық фильм түсірілгенін айта кеткен жөн. Соның ішінде “Мұстафа Шоқай”, “Ауылым – әнім”, “Әкем екеуміз” көркем фильмдері бар.

Мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру саласындағы жұмыстар қоғамның сұранысын сапалы қанағаттандыруға бағыттталып отыр, деді одан әрі министр. Осы мақсатпен мемлекеттің барлық медиа-ресурстарын біріктіретін “Арна-Медиа” ұлттық-ақпараттық холдингі құрылды. Сонымен бірге, “Ел арна” телеарнасын білім, мәдениет және жастар телеарнасы ретінде қайта пішіндеудің тұжырымдамасы әзірленді. Мемлекеттік ақпараттық тапсырыс ағымдағы жылы 81 тақырыптық бағыт бойынша 94 басылым мен электронды БАҚ-тарға орналастырылды. Бұл 2007 жылмен салыстырғанда екі есе артық. Министрлік жыл басынан бері өзекті тақырыптар бойынша 70-тен астам медиа-жоспар әзірлеп, іске асырды. Сонымен қатар, бұрын тіркелгенімен, әрекет етпейтін 6665 БАҚ есептен шығарылып, іс жүзінде нақты әрекет ететін 2786 БАҚ мемлекеттік тізімге алынды.

Мемлекеттік тілді дамыту мәселесі бойынша айтқанда, М.Құл-Мұхаммед тек үстіміздегі жылы ғана жарты миллионнан астам данамен 6 түрлі сөздіктің, 22 компьютерлік бағдарлама мен 2 түрлі балама оқу бағдарламасының әзірленіп, жарыққа шыққанын айтты. Сондай-ақ елімізде алғаш рет мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту жөніндегі тұжырымдама, бірыңғай стандарт және типтік бағдарлама әзірленгенін жеткізді.

Министрлік жұмысының келесі басым бағыттарының бірі – әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру шеңберінде үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл болса, бұл бағытта қазір 107 ҰЕҰ-мен 200-ден астам жоба іске асырылуда.

Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру аясында мәдениет, саяси партиялар және бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі заң жобалары әзірленіп, Парламенттің қарауына ұсынылды.

Парламент Мәжілісі тарапынан қосымша баяндаманы Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Жарасбай Сүлейменов жасады. Министрдің баяндамасында “Үкімет сағатының” күн тәртібіне ұсынылып отырған мәселе жан-жақты ашып көрсетілді. Сөз жоқ, бұл бағытта ұланғайыр істер атқарылды және ол жалғасып келеді. Бұған ең алдымен Елбасы Н.Назарбаевтың ұсынысымен қабылданған еліміздегі мәдениетті дамытуға қатысты заңнамалық кеңістіктің қалыптасуы кең жол ашып отырғанын айтуға тиіспіз, деді депутат. Нақты ұсыныстар қатарында Президенттің мемлекеттік тілді дамыту тұрғысындағы талабы тұр. Оның басымдыққа ие болуы шарт.

Сонымен бірге, шешен шығармашыл қызметкерлер мәртебесін заңмен бекітетін мезгілдің жеткенін, сондықтан шығармашыл одақтар туралы заң қабылдаудың жолдарын қарастыру қажет екенін атап көрсетті. Сондай-ақ Ж.Сүлейменов өзінің сөзінде ауыл мәдениетіне де қатты көңіл бөлу керектігін жеткізді. Жабылып қалған кітапхана, клубтарды ашу – бүгінгі күннің өзекті талаптарының бірі, деді ол.

Баяндамалардан соң Мәдениет және ақпарат министрі М.Құл-Мұхаммедке сұрақтар көптеп қойылды. Депутаттарды тек мемлекеттік тілде хабар тарататын, балалар мен жасөспірімдерге арналған бағдарламалар жасайтын ұлттық арналардың қажеттілігі және басқа да толып жатқан мәселелер толғандыратыны белгілі болды. Сұрақ-жауаптан соң саланың мәселелері бойынша Үкіметке ұсынылатын қаулының жобасы қабылданды.

Авторы: Жақсыбай Самрат

